



БЕКІТЕМІН

Мектеп директорының м.а. А.Чинасилова

« 29 » тамыз 2025ж

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА

ҚАРАЛДЫ:

Хаттама №1

« 29 » тамыз 2025ж

Агайдарова А.К

## ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Тасөткел ауылының негізгі орта мектебі КММ

сынып : Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Тәрбиеші: Амирханова А.Б

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Тасөткел ауылының негізгі орта мектебі

Топ/сынып: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

| Айы      | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ҚЫРКҮЙЕК | Дене тәрбиесі             | <ul style="list-style-type: none"> <li>- сапқа бір қатармен тұру.</li> <li>- дене қасиеттерін қалыптастыру;</li> <li>- үйде, көшеде, табиғатта өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту.</li> </ul>                                                                                              |
|          | Тіл дамыту                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту;</li> <li>- басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>- әртүрлі формалар мен іс-әрекеттерде ауызша сөйлеуді дамыту;</li> <li>- қазақ халқының және басқа ұлттардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</li> </ul>                               |
|          | Көркем әдебиет            | <ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.</li> <li>- коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу;</li> <li>- қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</li> </ul> |
|          | Қазақ тілі                | <ul style="list-style-type: none"> <li>- сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және тілдік нормаларды сақтай отырып іс-әрекетте және күнделікті өмірде қолдану;</li> <li>- балалардың сөздік қорын байыту.</li> </ul>                                                                                             |
|          | Сауат ашу негіздері       | <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</li> <li>- балаларды сөздегі дыбыс тізбегін белгілей білуге үйрету.</li> </ul>                                                                                                                                                                                               |
|          | Математика негіздері      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- математикалық терминдерді қолдана білуді, геометриялық пішіндерді тану және атай білуді үйрету;</li> <li>- танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі;</li> </ul>                                                                                                                       |

|  |                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                   | - элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|  | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> | -табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.<br>-үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға үйрету.                                                                                                                                                                                                                   |
|  | <b>Сурет салу</b>                 | -елестету және заттарға қарап пішндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;<br>- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту.                                                                                                                                               |
|  | <b>Мүсіндеу</b>                   | -атқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу;<br>- балаларда өмірден алынған және өз ойлары бойынша әртүрлі заттарды мүсіндеу қабілетін дамыту;<br>- баланың заттардың пішіні, олардың айырмашылығы мен ұқсастығы, кеңістіктегі орны, өзіне тән белгілері туралы түсінігін нақтылау.                                                                                        |
|  | <b>Жапсыру</b>                    | - балалардың қайшыны қолдану, желіммен жапсыру біліктерін бекіту;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту;<br>- көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту.                                                                                                                                                               |
|  | <b>Құрастыру</b>                  | -шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу;<br>- танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі;<br>- психикалық әрекеттердің әдістерін (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, модельдеу, құрастыру, себеп-салдар байланысын орнату) үйрету.                                                                                                           |
|  | <b>Музыка</b>                     | -дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету<br>- аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, музыканың табиғатын ажырата білу қабілеттерін дамыту;<br>- Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- балаларды кернеусіз, жеңіл дыбыспен, бірқалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету. |

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет  | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------|----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ҚАЗАН | Дене тәрбиесі              | -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту;<br>-балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру;<br>-балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау;<br>-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. |
|       | Тіл дамыту                 | -кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу;<br>-мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу.                                                                                                                                     |
|       | Көркем әдебиет             | -әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.                                                      |
|       | Қазақ тілі                 | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>-тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.                              |
|       | Сауат ашу негіздері        | -сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру;<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                       |
|       | Математика негіздері       | -балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.                                                                                                                                                                   |
|       | Қоршаған әлеммен таныстыру | -күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>-балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;                                                                                                                                                                    |

|                   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                   |  | -баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Сурет салу</b> |  | -мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету;<br>кылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.                                                                                                           |
| <b>Мүсіндеу</b>   |  | -геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу;<br>-қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.                                                                                                                     |
| <b>Жапсыру</b>    |  | -қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.                                                                                                                                                                             |
| <b>Құрастыру</b>  |  | -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.                                                |
| <b>Музыка</b>     |  | -әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. |

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет  | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--------|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ҚАРАША | Дене тәрбиесі              | - дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>-жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.                                                                                                              |
|        | Тіл дамыту                 | -сөздерді буынға бөлуді үйрету;<br>-сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылысөйлеу тілдерін дамыту;<br>-көркем шығармаларды сахналауға үйрету.<br>-балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттеріндамыту;                                                                                                                                                |
|        | Көркем әдебиет             | -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға,баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегінібаяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>-адал дос болуға тәрбиелеу.                                                              |
|        | Қазақ тілі                 | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.<br>-сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білудағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. |
|        | Сауат ашу негіздері        | -дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.                                                                                                                                                 |
|        | Математика негіздері       | -топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.                         |
|        | Қоршаған әлеммен таныстыру | -қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту;                                                                                                                                                                                                           |

|  |                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|--|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                   | <p>-табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту;</p> <p>-табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p>                                                                                                                                                                                                               |
|  | <b>Сурет салу</b> | <p>-балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру; торсық және оның жасалу жолдары туралы білім беру;</p> <p>-қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту;</p> <p>-заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту;</p> <p>-түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу.</p> |
|  | <b>Мүсіндеу</b>   | <p>-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту;</p> <p>-балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту;</p> <p>-еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|  | <b>Жапсыру</b>    | <p>-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;</p> <p>-балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.</p>                                                                                                                                                                                                                                 |
|  | <b>Құрастыру</b>  | <p>-табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;</p> <p>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p> <p>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;</p> <p>-қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;</p> <p>-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту.</p>                                     |
|  | <b>Музыка</b>     | <p>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;</p> <p>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;</p> <p>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.</p>                                                                                                      |

| Айы       | Ұйымдастырылған іс-әрекет         | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----------|-----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ЖЕЛТОҚСАН | <b>Дене тәрбиесі</b>              | <ul style="list-style-type: none"> <li>-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.</li> <li>-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету;</li> <li>-дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.</li> </ul> |
|           | <b>Тіл дамыту</b>                 | <ul style="list-style-type: none"> <li>-балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру;</li> <li>-балалардың сөздік қорын дамыту;</li> <li>-дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.</li> </ul>                                                                                                                                                                                                                                              |
|           | <b>Көркем әдебиет</b>             | <ul style="list-style-type: none"> <li>-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;</li> <li>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;</li> <li>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;</li> <li>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;</li> <li>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</li> </ul>                                                   |
|           | <b>Қазақ тілі</b>                 | <ul style="list-style-type: none"> <li>-сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру;</li> <li>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</li> </ul>                                                         |
|           | <b>Сауат ашу негіздері</b>        | <ul style="list-style-type: none"> <li>-сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету;</li> <li>-дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;</li> <li>-дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.</li> </ul>                                                                                                                   |
|           | <b>Математика негіздері</b>       | <ul style="list-style-type: none"> <li>-көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау;</li> <li>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> </ul>                                                                                                |
|           | <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>-жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;</li> <li>-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;</li> </ul>                                                                                                                                                                                                  |

|                   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                   |  | -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                               |
| <b>Сурет салу</b> |  | -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;<br>-балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту; - балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br>-дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру; |
| <b>Мүсіндеу</b>   |  | -ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик )таныстыру;<br>-белсенділігін, шығармашылығын дамыту;<br>-тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.                                                                                                                                                     |
| <b>Жапсыру</b>    |  | -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту.<br>-бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ;<br>-ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.                                                                                                                        |
| <b>Құрастыру</b>  |  | -табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.         |
| <b>Музыка</b>     |  | -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.                                                             |

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет  | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--------|----------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ҚАҢТАР | Дене тәрбиесі              | -балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|        | Тіл дамыту                 | -сөйлем түрлері бойыншаалған білімдерін пысықтау;<br>-әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету;<br>-үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштіккетәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|        | Көркем әдебиет             | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту.                                                                                                                                                                                                                                              |
|        | Қазақ тілі                 | -сөздік қорларын жаңа сөздерментолықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.<br>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |
|        | Сауат ашу негіздері        | -сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету;<br>-суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту;<br>-дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                |
|        | Математика негіздері       | -геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету;<br>-зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;<br>-графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.                                                                            |
|        | Қоршаған әлеммен таныстыру | -балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|  |                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--|-------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                   | -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|  | <b>Сурет салу</b> | -балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін арттыру;<br>-нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету;<br>-жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|  | <b>Мүсіндеу</b>   | -ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудараотырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру;<br>-ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту;<br>-балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                  |
|  | <b>Жапсыру</b>    | -бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру;<br>-шығармашылық қасиеттерін дамыту;<br>-қол қимылдарын жаттықтыру;<br>-өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|  | <b>Құрастыру</b>  | -құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру,олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. |
|  | <b>Музыка</b>     | -музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;<br>-үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.                                                                                      |

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет  | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------|----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| АҚПАН | Дене тәрбиесі              | -сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүруді дамыту;<br>-ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді;<br>-сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру;<br>-қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. |
|       | Тіл дамыту                 | -ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                |
|       | Көркем әдебиет             | -шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>- коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу.                                                                                                                                                                                       |
|       | Қазақ тілі                 | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру;<br>-қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.                                                                                                                                                         |
|       | Сауат ашу негіздері        | -сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету;<br>-сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.                                                                                                                         |
|       | Математика негіздері       | -балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.                                                                                                                                                                     |
|       | Қоршаған әлеммен таныстыру | -балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;                                                                                                                                                                      |

|  |                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                   | -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                      |
|  | <b>Сурет салу</b> | -қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>-балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                |
|  | <b>Мүсіндеу</b>   | -торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылық пентаңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру;<br>-ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылым үсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру;<br>-ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту, өнерді сүюге тәрбиелеу.                                                                                |
|  | <b>Жапсыру</b>    | -жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау;<br>-шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу                                                                                                                                                                                                           |
|  | <b>Құрастыру</b>  | -қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету;<br>-қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту;<br>-қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету;<br>-қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.            |
|  | <b>Музыка</b>     | -лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқынды өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту;<br>-балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. |

| Айы    | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--------|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| НАУРЫЗ | Дене тәрбиесі             | -баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау;<br>-түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлітәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру;<br>-айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіпкету сапасын дамыту.     |
|        | Тіл дамыту                | -Наурыз мерекесі туралы түсінік беру;<br>-балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|        | Көркем әдебиет            | -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.                                                                                                                                                   |
|        | Қазақ тілі                | -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.         |
|        | Сауат ашу негіздері       | -сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру;<br>-ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.                                                                                                 |
|        | Математика негіздері      | -салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; |

|  |                                   |                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|-----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
